БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1 аралық бақылауға арналған сұрақтары;

Пәні: Жедел медициналық көмек – 2

Пән коды: ZhMK 5302-2

ББ шифры мен атауы: 6В10102– **«Педиатрия»**

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат/ 5 кредит

Оқу курс мен семестрі: 5 курс, 10 семестр

Құрастырған: кафедра ассистенті Ерімбет Б. М.

Хаттама № «11» «26» 06 2025ж.

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент _____ Сейдахметова А.А

Шымкент, 2025 ж.

Бағдарламаның 1 аралық бақылауға арналған сұрақтары:

1. Коронавирустық инфекция. Клиникасы, диагностикасы және емі.
2. Балалардағы жедел диарея. Клиникалық көріністері, жіктелуі, диагностикасы және емі.
3. Теміртапшылық анемиясы. Клиникасы, диагностикасы және емі.
4. Балалардағы құсу кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету.
5. Созылмалы пневмония. Клиникасы, диагностикасы және емі.
6. Балалардағы ми шайқалуы. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
7. Сәбилердегі конъюнктивит. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
8. Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі. Клиникасы, диагностикасы және емі.
9. Балалардағы жедел аденоидит. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
10. Балалардағы жедел ринофарингит. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.

Ситуациялық есептер:

1. Дәрігерді түнгі уақытта әр жөтел кезінде қызыл көпіршікті қан шығатын 7 жасар ауру баланың палатасына шақырды.

Тапсырма:

1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

2. Инсулин инъекциясынан кейін қан диабетімен ауыратын науқас жедел әлсіздікке, аштық сезімі, тершеңдік, дірілге шағымданды.

Тапсырма:

1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

3.Ара шаққан балаға дәрігер шақырды. Науқас ауырсыну, шаққан жердегі ашу, ауыр тыныс, әлсіздік, жүрек айну, бет ісінуі, дене температурасы көтерілуіне шағымданады.

Объективті: Жағдайы орташа ауыр. Беті ақ ісіктердің әсерінен ай тәрізді. Көзі ісіктен жабылған. Дене температурасы 39ºС, пульс-96 рет/мин, ритмді. АҚ 130/80 мм сын/бағ, ТЖ 22/мин.

Тапсырма:

1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

4. Терапия бөлімшесінде 17 жасар гипертоникалық науқас дәрігерге ентігу, «ауа жетіспеушілік» сезімі, көпіршікті қызғылт қақырық бөлінуіне шағымданды.
Қарау кезінде: жағдайы ауыр. Тері жамылғысы бозғылт, ауыз-мұрын үшбұрыш цианозы. Тынысы шулы, аузынан қызғылт көпіршікті қақырық бөлінеді, ТЖ 35 рет/мин. Жүрек тондары тұйық дыбысты, пульс 120 р/мин, АҚ 210/110 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

5.Гастроэнтерелогия бөлімшесінде 12 жасар асқазан ойық жарасымен ауыратын балада жедел әлсіздік, бас айналу, «кофе» тәрізді құсу пайда болды.
Объективті: Тері жамылғылары бозғылт, ылғалды, пульс 120 рет/мин. АҚ 90/60 мм сын/бағ., пальпацияда іші жұмсақ, ауырсынумен.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

6. Терапиялық бөлімшеде 12 жасар науқас кенет басталған тұншығу сезіміне шағымданды. Науқас қолдарын керуетке тіреп отырған қалыпта, кеуде қуысы максимальды тыныс алу қалпында, беті цианотикалық, қорқыныш сезімі, ТЖ-38 рет/мин. Ентігу экспираторлы негізде, қашықтықта құрғақ ысқырықты сырылдар естіледі.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

7. Завод медбөлімшесі дәрігеріне науқас шағыммен келді. Физикалық күштемеден кейін кенет оң жақ бел аймағында шап аймағына, жыныс мүшелеріне иррадациясымен ауырсыну, кіші дәреті жиі, аз мөлшерде. Анамнезінде зәр шығару жолдарының тас ауруы.
Объективті: жағдайы орташа ауырлықта, тері жамылғысы ылғалды, оң жақ Пастернацкий симптомы оң, температурасы 36,3^{0}С, пульс 100 рет/мин, ритмді, АҚ 130/85 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

8. Стационарда бронхоэктазды ауру диагнозымен жатқан 15 жасар науқаста кенет жөтел кезінде ауа көпіршіктері бар қызыл қан пайда болды.
Объективті: науқас бозғылт, пульсі жиі, 110рет/мин, АҚ 90/70 мм сын/бағ, мазасыз, өлімнен қорқыныш сезімін көрсетеді.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

9. Стационарда ЖИА диагнозымен емделетін 14 жасар науқасқа түнде дәрігер шақырылды. Науқасты жүрек аймағында сол қолға берілетін ауырсыну, кеуде қысылу сезімі мазалады.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

10. Емтиханнан кейін студенттер адам толы автобусқа мінді. Кенет бір студент бозарып, құлады.
Объективті: есі жоқ, тері қабаттары бозғылт, аяқ-қолдары салқын, көз қарашықтары тар, жарыққа реакция жоқ, пульсі жіп тәрізді.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары;

Пәні: Жедел медициналық көмек – 2

Пән коды: ZhMK 5302-2

ББ шифры мен атауы: 6B10102– **«Педиатрия»**

Оқу сағаты/кредит көлемі: 150 сағат/ 5 кредит

Оқу курс мен семестрі: 5 курс, 10 семестр

Құрастырған: кафедра ассистенті Ерімбет Б. М

Хаттама № «11» «26» 06 2025ж.

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент _____ Сейдахметова А.А

Шымкент, 2025 ж.

Бағдарламаның 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары:

1. Балалардағы ангина. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
2. Балалардағы созылмалы тонзиллит. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
3. В12 тапшылығынан болатын анемия**.** Клиникасы, диагностикасы және емі.
4. Балалардағы жедел ларинготрахеит. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
5. Балалардағы созылмалы отит. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
6. Инфекциялық-токсикалық шок. Клиникасы, диагностикасы және емі.
7. Балалардағы остеомиелит. Клиникалық көріністері, диагностикасы және емі.
8. Балалардағы абсцестер. Клиникалық көріністері, диагностикасы, дифференциалды диагностикасы және емі.
9. Гиповолемиялық шок. Клиникасы, диагностикасы және емі.
10. Балалардағы флегмона. Клиникалық көріністері, диагностикасы, дифференциалды диагностикасы және емі.

Ситуациялық есептер:

1.Қабылдау бөліміне 15 жасар науқас ес түссіз халде жеткізілді.
Обьективті қарағанда: жағдайы ауыр, есі жоқ, тынысы шулы, сирек, терең. Бұлшықет тонусы мен көз алмасы тонусы төмендеген, терісі, тілі мен шырышты қабаты құрғақ. Пульс 90 рет/мин, АҚ 90/60 мм сын/бағ. Науқаста қант диабетімен ауыратын науқас карточкасы табылды.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

2.Медбөлімшеге 16 жасар науқас, бір сағат бұрын жүйкелік күйзелістен кейін кеуде артында ауырсынуға шағымданды. Нитроглицерин әсер берген жоқ.
Объективті: Жағдайы орташа ауырлықта, тері қабаттары бозғылт, жүрек тондары тұйықталған, пульс 60 рет/мин, АҚ 160/100 мм сын/бағ, ТЖ 22 рет/мин.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

3.Қабылдау бөлімінде гигиеналық ванна қабылдау кезінде бала бас айналуға, көз қарауытуына, жүрек айнуына, жалпы әлсіздікке шағымданды. Тері қабаттары бозғылт, тері алғалдылығы жоғары, пульс ритмді, 120 рет/мин, АҚ 90/60 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

4.Медбикені 17 жасар М есімді, ЖИА, аритмия диагнозымен ауыратын науқас палатасына шақырды.
Науқас әлсіздік, шүйде аймағында ауырсыну, бас айналу, жүрек айну, оң аяқ және оң қолында қимыл жоқтығына шағымданды. Қарау кезінде: сөйлеуі тежелген, айқын емес, көлденең қалыпқа өз күшімен келе алмайды. ТЖ 16 рет/мин, пульс 72 рет/мин, АҚ 190/110 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

5.Қабылдау бөліміне М есімді 17 жасар науқас ес-түссіз халде жеткізілді. Жедел жәрдем дәрігері берген құжаттарда науқас соңғы 5 жылда наркотикалық препараттар қабылдайтыны айтылған. Қарап тексеруге реакциясы жоқ, теру қабаттарыбозғылт, қарашықтары тарылған, жарыққа реакциясы әлсіз. ТЖ 8 рет/мин, пульс 60 рет/мин, АҚ 90/60 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

6. Түнде медбикені оң жақ білек аймағы оқжарасынан емделіп жатқан науқас палатасына шақырды. Науқастың стационардағы 4-ші күнінде жарасы іріңмен асқынды. Науқас отырған қалыпта, қорқыныш сезімі. Білектегі байламынан қызыл түсті қан ағуда. Қарап тексеру кезінде медбике науқас таңғышы кенет қанға боялғанын анықтады. Терісі бозғылт, ылғалды. Пульс 120 ерт/мин, АҚ 80/60 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

7. 17 жасар адам өзін өлтіру мақсатында өзіне қырғыш ұшымен сол жақ білек аймағының төменгі үштен бір бөлігіне бірнеше жара қалдырды.
Науқас бозғылт, қорқыныш сезімі бар. Жаралардан тоқтаусыз қызыл түсті қан ағып жатыр. Пульс-90 рет/мин, АҚ 100/60 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

8. 17 жасан Н есімді науқас бүгін оңжақты шап аймағы жарығы бойынша операцияланды. Операция жергілікті наркозбен жүзеге асырылды. Науқас іштің төменгң бөлігінде ауырсыну, зәрдің болмауына шағымданады. Қарау кезінде: науқас жағдайы

қанағаттанарлық, тері қабаттары қалыпты, АҚ 140/80 мм сын/бағ, ЖСЖ-76 рет/мин, ТЖ-18 рет/мин. Таңғышы құрғақ. Шатүсті аймағы пальпациясы кезінде дөңгелек тығыз-эластикалық түзіліс байқалады, кішкене ауырсыну.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

9. 17 жасар М есімді науқас ата-анасымен қабылдау бөліміне жеткізілді. Ата-анасының сөзі бойынша күйзеліс фонында үлкен мөлшерде дәрілік препарттар қабылдаған. Науқас есі тежелген, тері қабаттары бозғылт, қарашығы тарылған, жарыққа реакциясы әлсіз. ТЖ-14 рет/мин, пульс – 60 рет/мин, АҚ 90/60 мм сын/бағ.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.

10. Қабылдау бөліміне 6 жасар науқас жіті аппендицитке күмәнді диагнозбен жеткізілді. 6 сағат бұрын ауырған, ауырсыну эпигастральды аймақта пайда болған, бір реттік құсу. Соңғы бірнеше сағатта аырсыну оң жақ іш аймағында, мықынүсті аймағында локализацияланды. Үйде но-шпа мен анальгин қабылдаған. Қарау кезінде ауырсыну төмендед. Бірақ әлсіздік пен жүрек айну сақталған.
Науқас ауырсыну азайғандықтан,госпитализациялануға күмәнмен қарайды,бірақ жеделжәрдем дәрігері жедел операция керектігін айтқан.
Тапсырма:
1. Пациентте дамыған шұғыл жағдайды анықтаңыз.
2. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз және әр этапты негіздеңіз.